



Газетке жазылып,
iPhone ұтып ал!

Jaǵymdy jańalyq



БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ МЕКЕНІ

Жыл өткен сайын құрылысы қарқын алып келе жатқан «Жас өркен» шағынауданында биыл бірқатар нысан пайдалануға берілді. Оның бірі — заманауи үлгіде салынған балабақша. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов қала тұрғындарын сәбилер үйінің ашылуымен құттықтап, жылы лебізін арнады.

«Түрлі себептермен 2017-2023 жылдар аралығында бюджет қаржысына облыс орталығында бірде-бір балабақша салынған жоқ. Соңғы екі жылда бұл іс қайта жанданып, 3 мектепке дейінгі білім беру нысаны тұрғызылды. Мұнда мемлекеттік тілде тәрбие алатын бүлдіршіндер үшін барлық жағдай жасалған. Мұның өзі балалардың дамуына толыққанды кепілдік береді», — деді өңір басшысы.

Бытыр «Бірлік» шағынауданында қайырымдылық қаржысы есебінен 90, бұдан бөлек, «Береке» шағынауданында бюджет қаражатына 140 орындық балабақша іске қосылды. Ал «Жас

өркендегі» ғимарат Президент тапсырмасы негізінде халыққа қайтарылған активтер есебінен бой көтерді.

Ғауез Торсанұлы мемлекеттік қор мен қайтарылған қаражат есебінен өңірде жалпы құны 57,8 млрд. теңге болатын 38 жобаның жүзеге асып жатқанын жеткізді. Мұның бәрі халықтың әлеуметтік жағдайын нығайтуға сеп болмақ. Қазірдің өзінде мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған балалардың үлесі 97,8 пайызды құрайды. Алда бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу міндеті тұр.

(Жалғасы 4-бетте)

Tolǵandyrar taqyryp

ОРГАНИКАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ АУЫЛЫ АЛЫС ПА?

Қадірін білген жанға қара жердің де жаны бар. Топырақ та табиғатпен бірге түлеп, бірге тыныстайды. Түрлі химиялық препараттар мен тыңайтқыштарды шектен тыс қолданған жер құнарынан айырылып, қанша күш салса да бір тал шөп өспейтін қу тақырға айналады. Жүздеген жылдар бойы соқа тимей жатқан қазақ даласының бетіндегі құнарлы қабаты әлі ондаған жыл бойы мол өнім алуға жетер. Алайда ол да шексіз емес. Жөн-жосықсыз тұқым себіліп, техникамен өңделген жер келе-келе пайдасыз болып, шамадан тыс тыңайтқыш қажет ете бастайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан құнарлы қабаттың қоры таусылған сәтте топырақ шаңды құмға айналып, судың өзі сіңбейтін күйге жетеді. Ұрпағымызды осындай қатерге ұрындырмау үшін шаруалар жердің жайын бүгіннен ойлай бастауы керек.

(Жалғасы 6-бетте)



Taǵым

ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

Петропавл қаласында Тәуелсіздік күніне орай Тәуелсіздік стелласына гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Іс-шараға облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, зиялы қауым өкілдері мен Желтоқсан оқиғасының куәгерлері қатысты. Жиналғандар ел тәуелсіздігі жолында құрбан болғандардың рухына тағзым етті.

— Мен Алматыға жұмыс істеуге бардым. 16 желтоқсан күні Д.Қонаевты алып тастап, орнына Колбинді қояды дегенді естіп, барлығымыз алаңға барамыз дедік. Мені ешкім үгіттеген жоқ, өзім бардым. Ол жерде бізді итеріп, айғайлап, шашы-

мызды жұлды. Жігіттер барынша қыздарды қорғады. Өздері де таяқ жеді, — деді Желтоқсан оқиғасына қатысушы Сәуле Ысмағұлова.

Тәуелсіздік күніне арналған гүл шоқтарын қою рәсімі — ел тарихына деген құрметтің, бірлік пен отаншылдықтың айқын көрінісі. Мұндай іс-шаралар ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ұрпақ санасында Тәуелсіздіктің маңызын жаңғарта түседі. Гүл шоқтарын қою рәсімі Мағжан Жұмабаев ескерткіші мен Смағұл Сәдуақасов мүсіні жанында да өтті.

Назым ЕСІМ,
«Soltüstik Qazaqstan».

Saltanatty sät


БАСПАНА КІЛТІ БЕРІЛДІ

Су басу қаупі бар Заречный кенті тұрғындарының алғашқы легіне жаңа үйлердің кілті салтанатты түрде табысталды. Кілттерді облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов пен қала әкімі Серік Мұхамедиев табыстады. Жаңа баспаналар 40 отбасыға берілді. Жыл соңына дейін тағы 50-ін тұрғын үймен қамту көзделген. Әр үйге екі жылдық кепілдік қарастырылған. Баспана құрылысын жергілікті «Зерттеу» серіктестігі жүргізді.

— Қазіргі уақытта Ш.Уәлиханов көшесінде 72 пәтерлі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар 117 пәтерлі тағы бір үй салу жоспарланып отыр. Нысанның жобалық құжаттамасы дайын. Келесі жылдың күзіне дейін Заречный кентінің тұрғындарын толық көшіру көзделген, — деді қала әкімі Серік Мұхамедиев.

Жаңа баспананың кілтін алғашқы болып алған тұрғындардың бірі — Құсни Майсейітова. Оның Заречный кентінде тұрып жатқанына 15 жылдай болған. «Жылда көктемде су тасқынынан үрейленіп отырушы едік. 2024 жылы баспанам қатты зардап шекті. Бүгінгі күнге жеткеніме қуаныштымын. Жаңа үйден 3 бөлмелі пәтер берді», — деді ол.

Назым ЕСІМ,
«Soltüstik Qazaqstan».



ДӘРІГЕРЛЕР ЕКІ
ЖЕРДЕ ЖҰМЫС
ІСТЕЙ АЛАДЫ

→ 6

БІР ШЕЛЕК
АЛТЫН



→ 7

Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысы

2025 жылғы 17 желтоқсан №1848

Жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иесіздендіруді бастау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 84, 85-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 6-тарауына, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік хатына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Бюджет қаражаты есебінен, қорғаныс бөетін салу үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару және оларда орналасқан құрылыстарды бұзу басталсын.
- Мәжбүрлеп иесіздендіру мерзімі 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін деп белгіленсін.
- «Петропавл қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық аппарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі алынатын жер учаскелеріне, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылысқа құқығын белгілейтін құжаттардың болуын анықтасын.

5. Осы қаулыны орындау бойынша іс-шараларды өткізу және қаржыландыру «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

6. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- Меншік иелеріне жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіру туралы жазбаша хабарламалар жолдасын;
- жер учаскелеріне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке заңды талаптарды тіркесін;
- алуға жататын жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті бағалауды жүзеге асырсын және жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің меншік иелерімен келісу рәсімдерін жүргізсін;

2025 жылғы 17 желтоқсандағы №1848 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін алу рәсімі басталған жер учаскелерінің тізімі

№	Кадастрлық нөмірі	Учаске иесі	Учаскенің ауданы (га)	Учаскенің орналасқан жері	Нысаналы мақсаты
	1	2	3	4	5
1	15-234-096-252	Неустроева Вера Евгеньевна	0,0610	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 114 учаске	баушылық үшін
2	15-234-096-407	Радомская Галина Николаевна	0,0600	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 115 учаске	баушылық үшін
3	15-234-096-499	Махметова Сарсенкул Каратаевна	0,1138	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 116 құрылымы	баушылық үшін
4	15-234-096-216	Канабаев Есельбай Биримжанович	0,0600	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 117 учаске	баушылық үшін
5	15-234-096-462	Кравченко Анатолий Алексеевич	0,0720	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 118 учаске	баушылық үшін
6	15-234-096-274	Нурумов Рустам Саянович	0,0600	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 120 учаске	баушылық үшін
7	15-234-096-224	Лазарь Лариса Петровна	0,04000	«Дельта» бақ өсіру серіктестігі, № 121 учаске	баушылық үшін

2025 жылғы 18 желтоқсан №1851

Жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иесіздендіруді бастау туралы

2025 Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 84, 85-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 6-тарауына, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік хатына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Бюджет қаражаты есебінен, ботаникалық бактын үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сирек кездесетін асыл тұқымды өсімдіктерді сақтау және ғимаратты одан әрі жаңғырту үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару және оларда орналасқан құрылыстарды бұзу басталсын.
- Мәжбүрлеп иесіздендіру мерзімі 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін деп белгіленсін.
- «Петропавл қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылдаған сәттен бас-

тап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық аппарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі алынатын жер учаскелеріне, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылысқа құқығын белгілейтін құжаттардың болуын анықтасын.

5. Осы қаулыны орындау бойынша іс-шараларды өткізу және қаржыландыру «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

6. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- Меншік иелеріне жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіру туралы жазбаша хабарламалар жолдасын;
- жер учаскелеріне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке заңды талаптарды тіркесін;
- алуға жататын жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті бағалауды жүзеге асырсын және жер учаскелері мен жылжымайтын

мүліктің меншік иелерімен келісу рәсімдерін жүргізсін;

- меншік иелеріне жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарттардың жобаларын жолдасын;

- шарттардың жобаларын қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясымен келіссін және меншік иелерімен шарттар жасасын;

- меншік иелерінің алынатын жер учаскелері мен құрылыстарына меншік құқығын тоқтатуды және «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне меншік құқығының туындауын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын;

- меншік иелерінің өтініштері бойынша ақшалай өтемақы төлеуді немесе жайлы тұрғын үй беруді қамтамасыз етсін;

- алынатын жер учаскелері мен құрылыстардың орнына берілетін жайлы тұрғын үйді тіркеуші органдарда тіркеуді жүргізсін.

7. Қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін мәселелер бойынша қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

С. МҰХАМЕДИЕВ,
Петропавл қаласының әкімі.

2025 жылғы 17 желтоқсандағы №1851 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін алу рәсімі басталған жер учаскелерінің тізімі

№	Кадастрлық нөмірі	Учаске иесі	Учаскенің ауданы (га)	Учаскенің орналасқан жері	Нысаналы мақсаты
	1	2	3	4	5
1	15-234-017-1709	«Северо-Казахстанский Ботанический сад «Табиғат балалары» ЖШС	0.0690 га	Юрий Медведев, ат. к., 41	әкімшілік-тұрмыстық ғимаратты орналастыру және оны күтіп ұстау үшін

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Петропавловский бройлер» ЖШС үшін ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Күні, уақыты: 26.01.2026 ж. сағат 12:00-де.

Өтетін орны: СКО, Қызылжар ауданы, Пеньково ауылы, Центральная көшесі, 13 (Рошинка а/о әкімдігінің ғимараты).

Учаскенің координаттары: 54.983185 с.е., 69.316525 ш.б.; 54.969263 с.е., 69.329828 ш.б.; 54.967140 с.е., 69.301247 ш.б.; 54.975336 с.е., 69.301848 ш.б.

Интернетке қосылу сілтемесі:

<https://teams.live.com/join/9377598553073?p=t25Bc8b8hcgQGoWMjI>

Жиналыс идентификаторы: 9377598553073.

Құпия сөз: 123456.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Петропавлов-ский бройлер» ЖШС, тел.: 87012209367 СҚО, Қызылжар ауданы, Малое Белое а., Ш. Уәлиханов к-сі, 50, БИН: 200540003797, s_koles81@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEcoConsult» ЖШС, Петропавл қ., Сәбит Мұқанов к-сі, 50, 308, тел.: 87773191746, БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы ұлттық деректер банкіне <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 533638.

Конференцияға қосылу және қосымша аппарат алу мәселелері бойынша 87773191746 телефонына бойынша хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Петропавловский бройлер» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях для ТОО «Петропавловский бройлер».

Дата, время: 26.01.2026 г. в 12:00.

Место проведения: СКО, Кызылжарский р-н, с.Пеньково, ул. Центральная,13 (здание акимата Рошинского с/о.)

Координаты участка: 54.983185 с.ш., 69.316525 в.д.; 54.969263 с.ш., 69.329828 в.д.; 54.967140 с.ш., 69.301247 в.д.; 54.975336 с.ш., 69.301848 в.д.

Ссылка для онлайн подключения:

<https://teams.live.com/join/9377598553073?p=t25Bc8b8hcgQGoWMjI>

Идентификатор собрания: 9377598553073.

Пароль: 123456.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Петропавловский бройлер», тел. 87012209367 СҚО, Кызылжарский район, с. Малое Белое, ул., Ш. Валиханова, 50, БИН: 200540003797, s_koles81@mail.ru.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», г. Петропавловск, ул. Сабита Муканова, 50, оф. 308, тел.: 87773191746, БИН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующиеся вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО, тел 533638.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону 87773191746.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.